



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

Аман. Сауинара  
Павлодар қаласы

№ 1-03/56  
город Павлодар

### 1-4 сынып оқушыларына арналған мемлекеттік тілдегі қалалық математикалық логикалық олимпиаданы өткізу туралы

Математика пәнінен қабілетті балаларды анықтау, оқушыларды математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 9 ақпанда мемлекеттік тілде оқытатын жалпы орта білім беретін мектептердің 1-4 сынып оқушыларына арналған қалалық математикалық логикалық олимпиада Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебінде өткізілсін.

2. Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебі (А. Сыздықов) 1-4 сынып оқушыларына арналған мемлекеттік тілдегі қалалық математикалық логикалық олимпиаданы өткізуге жағдай жасасын.

3. Олимпиада өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы (1-қосымша) бекітілсін.

4. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы (А. Мухаметжанова) ұйымдастыру, марапаттау құжаттарын дайындап, тапсырмалардың құпияда сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Мектеп басшылары қатысушылардың уақытында келуі мен қайту жолындағы өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Ж. Асаиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Қ. Қыдралин

Таныстырылды

Асаинова М. К.

(колы, күні)

000608